

Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қазандағы № С-21/3 " Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 тамыздағы № С-6/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 тамызда № 5504 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 тамыздағы № С-46/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 29.08.2019 № С-46/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Шортанды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қазандағы № С-21/3 " Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3884 тіркелген, 2013 жылдың 30 қарашасында аудандық "Вести" газетінде және 2013 жылдың 30 қарашасында аудандық " Өрлеу" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешіммен бекітілген Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2 тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"9) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" Департаменті Шортанды аудандық бөлімшесі";

2 тараудың 8 тармағы "онкологиялық аурулар;" абзацтан кейін келесі мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған тұлғалар; аз қамтылған, көп балалы, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын, жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын студенттер." ;

2 тараудың 9 тармағының 1) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған тұлғаларға үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;" ;

2 тараудың 10 тармағы келесі мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын аз қамтылған, көп балалы, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын студенттерге оқуы үшін бір оқу жылына, жыл сайын, Шортанды ауданында жұмыспен өтеуді ескере отырып, оқу шығындарын жүз пайыз төлеу, төлем оқу мекемесімен жасасқан шарт, аудан әкімімен, Шортанды аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерімен және студент арасында жасалған үш жақты келісім шарттың, оқу орнынан берілген анықтаманың, "Шортанды ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолдау хатының негізінде көрсетіледі."

3 тарау келесі мазмұндағы 12-1 тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Аз қамтылған, көп балалы, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын студенттер әлеуметтік көмек алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

о қ у о р н ы н а н ш а р т ;

аудан әкімі, Шортанды аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерімен және студент арасында жасалған үш жақты келісім шарты;

о қ у о р н ы н а н а н ы қ т а м а ;

көп балалы отбасының мәртебесін растайтын анықтама немесе өтініш берушінің аз қамтылған, халыққа (отбасыларға) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататындығын растайтын анықтама;

"Шортанды ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолдау хаты . " .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы*

А.Қожамсейітов

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Д.Отаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Шортанды ауданының әкімі

Г.Сәдуақасова

"04" тамыз 2016 ж.